

**Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия»
ШЖҚ МҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтама**

Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК 2025 жылғы «31» желтоқсан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – талдау) Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК-ның қызметі болып табылады.

Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК 2025 жылғы 2 қыркүйектегі №109 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі - **2025 жылғы 06 қаңтардан – 31 желтоқсан.**

Мектеп басшысы – Рамазанова А.Е. Астана қаласы білім Басқармасының 2025 жылғы 06 қаңтарындағы №21 бұйрығымен Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК директоры лауазымына тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен және 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес ішкі талдау екі бағыт бойынша жүзеге асырылды

1) мекеменің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1.Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Талдаудың міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК қызметіндегі салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері: талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар; талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік; талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған деректері; ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері; бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар; талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері; талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сұрау салу нәтижелері; ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.

1. Мекеменің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау барысында мекеменің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ. Талдау жүргізу кезіндегі шыққан құжаттарға талдау жүргізілді.

2. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау мектептегі персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына: ҚР Еңбек кодексіне, «Білім туралы»ҚР Заңына, «Педагог мәртебесі туралы»ҚР Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, сондай-ақ өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

Ағымдағы күнге жалпы штат саны 178 бірлікті құрайды, оның ішінде:

- педагогикалық құрам - 139 бірлік, оның ішінде 1 қоса атқарушы,
- техникалық персонал - 34 бірлік, оның ішінде қоса атқарушы жоқ.

2025 жылдың 31 желтоқсанында білім беру мекемесінде:

- жұмысқа қабылданды - 43 қызметкер (педагогтар-22 адам, техникалық қызметкерлер-21 адам); Еңбек кодексінің 49-бап бойынша қызметкердің өтініші (өз еркімен) негізінде 22 адам жұмыстан босатылды (педагогтар -14 адам, техникалық қызметкерлер-7 адам).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағылшын тілі мұғалімі

(1 ставка), алғашқы әскери және технологиялық дайындық мұғалімі (1 ставка), психолог (1 ставка), логопед, (1 ставка), дефектолог «1 ставка) бос жұмыс орындары бар.

Талданған кезеңде тәртіптік жауапкершілікке 9 қызметкер тартылды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында мектеп лауазымды тұлғалары мен

ұжымының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтауы жөнінде шаралар қабылданды:

2020 жылғы 01 қыркүйектегі №257 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қабылданған және бекітілген. Мектептің 2025 жылғы 02 қыркүйектегі №256 бұйрығымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, тәрбие орынбасары Е.Тулбакан әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттері жүктелді.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу;

Әкімшілікте жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге жұмыс істеу фактілері жоқ.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Туыстық түрі	Тікелей бағынышта болуы (иә/жоқ)	Кіммен тағайындалды
1	Рамазанова Айгуль Есеновна	директор	жоқ	жоқ	Білім басқармасымен
2	Шалабаева Аршагуль Алжахановна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен
3	Ченыбаева Зульфия Сагиджановна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен
4	Искакова Майраш Төлеубековна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен
5	Кошметова Айнур Тлеукабыловна	Директордың бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары	иә	жоқ	Мектеп директорымен
6	Құрмашев Дастан Мәжитұлы	Директордың бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен
7	Бердакова Лариса Каримовна	Директордың бейіндік	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен

		оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары			
8	Омаров Мақсат Манарбекұлы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	иә	жоқ	Мектеп директорымен
9	Тулбакан Еркин	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен
10	Батырбеков Бауыржан Тулегенович	Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	Мектеп директорымен

Түскен өтініштер:

Қызметкердің жалақысын ұстап қалуға қатысты заңды тұлғадан (қағаз нұсқада) 6 өтініш;

Жеке тұлғалардан 50 өтініш (қағаз нұсқада): оқу фактісін растау, аттестат беру, академиялық сағаттар туралы анықтама, оқушыға қатысты шаралар қабылдау туралы.

Сондай-ақ, е-Отinish платформасы арқылы жіберілген 35 өтініш болды: сот орындаушысының қызметкердің жалақысын ұстап қалу жөніндегі өтініші.

Барлық өтініштерге жауаптар уақтылы және толық көлемде берілді.

2. 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету;

2025 жылдың 6 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін Астана қаласы әкімдігінің «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК-да 907 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Тікелей білім беру мекемесі мемлекеттік қызметтің 6 түрін көрсетеді:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына сәйкес стандарт бойынша - 293 өтініш;

2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына сәйкес – 465 өтініш қабылданды;

3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес, талдау кезеңінде 1 қаңтар – 25 мамыр аралығында 7 оқушы, 1 қыркүйек – 12 желтоқсан аралығында 8 оқушы.

4. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына сәйкес 2025-2026 оқу жылына жалпы 82 ата-анадан өтініш келіп түсті. Оның ішінде АӘК алатын, АӘК алмайтын бірақ отбасы табысы Үкімет бекіткен КҮНКӨРІС деңгейінен төмен отбасылар, қамқоршылық кеңестің шешімімен бекітілген отбасылардың 76 өтініші қанағаттандырылып, 6 өтініш қанағаттандырылмады, яғни құжаттары талаптарға сай келмеді. Жалпы 1-11 сынып аралығында Жалпыға бірдей оқу қорынан 208 оқушыға көмек көрсетілді, оның ішінде 5-11 сыныптың 117 оқушысы тегін тамақтанады.

5. «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына сәйкес стандарты бойынша – 17 өтініш.

6. «Негізгі орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №172 бұйрығына сәйкес – 2 өтініш. «Жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №172 бұйрығына сәйкес – 7 өтініш.

2.4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Мектеп рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

2.5. Бақылау функцияларын іске асыру;

Мектеп бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

2.6. Мектептің ұйымдастыру - басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

2.6.1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары www.goszakup.gov.kz веб-порталда орналастырылған.

Жалпы саны-190411,91 т. т. сомаға 215 шарт, оның ішінде:

- Баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен -135 шарт, сомасы-13337,48 т. т.
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден тәсілімен – 17 шарт, сомасы 33372,73 т.т.

- Орындалмаған бір көзден тәсілімен- 32 шарт, сомасы-10529,1 т.т. Электрондық дүкен-23 шарт,сомасы-11074,0 т. т.,
- Ашық конкурс тәсілімен – 4 шарт, сомасы 37289,1 т.т.
- Білім алушыларды тамақтандыру жөніндегі шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден тәсілімен – 3 шарт, сомасы 47106,3 т.т.
- Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алу бойынша Конкурс – 1 шарт, сомасы 37703,2 т.т.

Шарттар жасасу кезінде артықшылықтар, аффилиирлену фактілері анықталған жоқ. Шарттар ең төменгі бағамен балама баға ұсынысы негізінде жасалды.

Ұсыныстар:

1. Басшыға сыбайлас жемқорлық артықшылықтарын болдырмау үшін мемлекеттік сатып алуды жүргізуді қатаң бақылау.

2.7. Мектеп қызметіндегі жариялылық пен ашықтық деңгейі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 4-бабының -тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық және ашықтық қағидаты болып табылады. Мектеп осы бағытта мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде уақытылы жариялау бойынша жұмыс жүргізуде «VK.com (байланыста)», «Instagram (Инстаграм)», WhatsApp сыныптарының ата-аналар топтарында, мектеп ғимаратындағы стендтерде үнемі өзекті ақпарат негізінде жүргізіледі. Ақпарат мектеп қызметін, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Ұсынымдар:

1. Мектеп әкімшілігі тұрақты негізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының және өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне мектеп контентіне мониторинг жүргізу;

Тұжырым:

Мектептегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобына ұсынылады:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпараттық-түсіндіру сипатындағы іс-шараларды көбірек өткізу;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау.

Жұмыс тобының жетекшісі : _____ мектеп директоры
А.Е.Рамазанова

Топ мүшелері

А.А.Шалабаева
Е.Тулбакан
Ф.Т.Тулеген

